



ПРИОЗЕРСКИЙ

№39/527

29 сентября 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ПРЕЗИДЕНТ ПОСЕТИЛ СПОРТИВНУЮ БАЗУ ФУТБОЛЬНОГО КЛУБА «КАЙРАТ»



24 сентября, в рамках рабочей поездки в Алматы и Алматинскую область, Глава государства Н.А.Нарзарбаев ознакомился со спортивной базой футбольного клуба «Кайрат», которая включает в себя пять полноразмерных футбольных полей, медицинский комплекс и оборудование для полноценного восстановления спортсменов.

В ходе посещения, Президенту Казахстана была презентована концепция модер-

низации Центрального стадиона Алматы, а также планы по развитию спортивной инфраструктуры легкоатлетического спорта в мегаполисе.

Нурсултан Назарбаев побеседовал также с юными спортсменами, обучающимися в академии футбольного клуба «Кайрат», и поинтересовался их достижениями в спорте и учебе.

- Для эффективного занятия спортом в нашей стране созданы все условия. Казах-

стан демонстрирует прекрасные результаты на международных соревнованиях самого высокого уровня. У нас есть олимпийские чемпионы по боксу, борьбе,

плексная реконструкция стадионов и оказывается системная поддержка развитию футбола со стороны государства.

В завершение встречи Нурсултан Назар-



плаванию, легкой атлетике и другим видам спорта, - сказал Глава государства.

Президент Казахстана отметил также, что во всех регионах страны проведена ком-

баев пожелал крепкого здоровья и ярких побед юным спортсменам.

Источник: www.akorda.kz

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

Қазан айының алғашқы күндері ең құрметті кәсіби мерекелердің бірі – Мұғалімдер күні аталып өтіледі. Осы мерекенің алдында біздің әрқайсымыз өмірімізде ұмытылмас із қалдырған өз ұстаздарымызды құрметпен еске аламыз: олардың көмегімен біз ғылым негіздерін ғана меңгерген жоқпыз, сонымен қатар достыққа, қарым-қатынас жасауға, өз қала-

тептер мұғалімдерінің бейнесін көреміз. Осындай бейнеге лайықты ардагер ұстаздарымыз арамызда көптеп табылады. Ұстаз! Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын сөбетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым.

Ұстаз ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру,



мызды жақсы көруге, өз Отанымыздың патриоттары болуды үйрендік. Әл-Фараби: «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында сақтайтын жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» - деген. Байқайсыздар ма, бұл сөзден біз қаламыздағы мек-

жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде олардың еңбегі зор.

Аталмыш мереке қарсаңында № 2 жалпы білім беру мектебінің басшылығына хабарласып, мадақтап, мадақтауға лайықты ұстаз жайлы мақала жазатынымды айтқанда, осы мектептің байырғы ұстазы, зейнетке шықса да қатардан қалмай, өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып жүрген математика пәнінің

мұғалімі Узулай Байтайқызы Бажарханованың есімін атаған болатын. Бұл кісінің мектеп пен қалалық ісшараларда бұрын да көріп жүретін-біз және марапатталып жатқанынан хабардармыз. Жасы алпысты алқымдаса да, қәгілез қасиетімен тынбай жүгіріп жүретін Узулай апай тәжірибесі бай, білімі жетік, мектептегі абыройлы да, беделді ұстаздардың бірі. Ең қиын пәндердің қатарына жататын математиканы шәкірттерінің бойына сіңіріп жүр.

Узулай Байтайқызы 1958-жылғы 16-тамызда Ташкент шаһарында дүниеге келген. Балалық балғын дәуірін осы жерде өтіп, мектепте сабақтан озағ оқушылардың қатарында болған. Орта мектепті үздік бітірген соң Ташкент қаласындағы мемлекеттік университеттің математика факультетіне оқуға түскен ол кісі мамандығын терең меңгеруді мақсат етті. Ұстаздық жолды таңдауына ұзақ жылдар білім беру саласында еңбек еткен нағашысы ықпал етіпті. Жоғарғы оқуды бітірген соң ұстаздық салада еңбек жолын бастаған ол кісі осы мамандықта табан аудармай үздіксіз қызмет етіп келеді. Бұрынғы қызмет орындарында еңбегі бағаланып, талай марапатқа ие болған. Приозерск қаласына көшіп келгенде де № 2 мектепте ұстаздық жолын жалғастырып жүр. Апайды мектеп ұстаздары өздеріне ұстаз, ақылшы, жол көрсетуші санайды. Көп жылдық тәжірибесін Узулай апай да жас мұғалімдерге үйретуден жалыққан емес. Өзі болдым, толдым, жетілдім демей, өз үстінен ізденіп, заманауи білім дәрежесін көтеруді естен шығармайды. Бірнеше рет Қарағанды қаласына барып білімін жетілдіру курстарына қатысып қайтыпты. У.Бажарханованың осы мектептегі қызметі мен еңбегі де ескерусіз қалмапты. Мектеп әкімшілігінің және қала әкімінің құрмет грамоталарымен, алғаш хаттарымен жүйелі түрде марапатталып отыруы осының айғағы.

–Ұстаздық студия қиындығы мен қызығын осы салада жүргендер ғана біледі. Менің алдымнан осы жылдар ішінде жүздеген шәкірттер білім алып шықты. Оның ішінде жақсыларымен қатар жамандары да кездесті. Ұстаз үшін соның бәрі бірдей. Олардың әрқайсы-

1-қазан – Мұғалімдер мерекесі



сы бір-бір өмір, тұлға және тағдыр. Ешқайсысын бөліп-жармай, тендей білім мен тәрбие беру әр ұстаздың міндеті мен парызы. Құдайға шүкір, сол шәкірттеріміз біразы бүгінгі таңда үлкен лауазымдарда, абыройлы қызмет етіп жүргенін көріп қуанамын. Жаман оқығандары да өмір көшінен кейін қалған жоқ. Өз тірліктерін жасап, балашаға асырап жүр. Көрген жерде жалпылдап сәлем беріп, алғыстарын айтып жатады. Ұстаз бақыты да осы деп ойлаймын. Қазір зейнетте болсам да, тыным тауып отыра алмадым. Мектеп басшылығы да ұстаздар жетіспеушіліне орай қызметімді жалғастыруды өтінген соң, шәкірттеріміз алдында білім беруді жалғастырамын. Әбден шаршаған күні қоярмын ұстаздықты деп – ағынан жарылды байырғы ұстаз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деп Абай данамыз айтқандай, Узулай апай да оқушыларына білім беруден жалықпай, шаршамай жүрген кәнігі ұстаздардың бірі. Апайды және барша ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтап, қиын да қызықты ұстаздық жолдарына тек қана жетістік пен табыстар тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫНА «ТҮРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН ТАҒАЙЫНДАУ» КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Түрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) «электрондық үкіметтің www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) Порталға өтініш берген кезде мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – күнгіз-белік 10 (он) күн;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.

Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (шінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – түрғын үй көмегін тағайындау туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәти-

жесін беру нысаны: электрондық түрде.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін түпнұсқасы ұсынылады);

отбасының кірісін растайтын құжаттар (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтерді қоспағанда);

түрғын үйді (түрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

жеке түрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған түрғын үйді

пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

2) порталда:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

отбасының табысын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

түрғын үйді (түрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттардың электрондық көшірмесі;

коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттардың электрондық көшірмесі;

телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шоттың немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың электрондық көшірмесі;

жеке түрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған түрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шоттың электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын; түрғын үйге тіркелген құқықтары туралы құжаттар туралы мәліметтер; мекенжай анықтамасы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыстар; кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыстар;

балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер түріндегі табыстар;

азаматтың жұмыссыз мәртебесін растайтын құжат қызмет берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет»

арқылы беріледі.

Құжаттарды қабылдаған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің не (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану; шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не тиісті жергілікті атқарушы орган басшысының атына осы мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – www.economy.gov.kz;

2) Мемлекеттік корпорацияның – www.g2c.gov.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің www.economy.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Біз де пікір айтамыз

ЛАТЫН ӘЛІПБИ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Қазір еліміз бойлап латын қарпіне көшу мәселесі қызу талқыланп жатыр. Біреу өткен дұрыс дейді, біреу өтпеу керек дейді. Бірақ осының өзі дұрыс емес. Өйткені бажайлай қарап отырсаңыз, Қазақстан латын қарпіне көшуді баяғыда шешіп қойған. Бұл арада қоғам алдында оған қалай көшеміз, әліпби жобасы қалай болады деген нақты мәселе талқысы тұр. Ел осыны дұрыс түсінбей жүр. Президент осыған дейін еліміздің 2050-жылға арналған стратегиялық бағдарламаға сүйеніп, өзінің халыққа Жолдауында латын қарпіне көшу туралы айтқан. Ол Жолдау шыққанға дейін қоғамда осы тақырыпта талқылау болды. Көшеміз бе, көшпейміз бе деген сынайда. Ал ол Жолдаудың жарық көргеніне де 5 жыл болды. Содан соң, міне Елбасының латын қарпіне көшудің әр қадамын нақтылайтын мақала жарық көріп отыр. Демек, бұл мәселенің шешімі әлдеқашан қабылданған, сондықтан ол керек пе, керек емес пе дегенді талқылаудың қажеті жоқ.

Бізден сәл бұрын егемендігін жариялаған Өзбекстан 1993-жылы ешкіммен ақылдаспай-ақ латын әліпбиіне өтіп алды. Мұнда олар бұдан бұрынғы қолданылған тәжірибені негізге алды. Әрине, жаңа бастамада біраз қателіктер болғанына да күміз. Дегенмен бұл кемшіліктерді кезең-кезеңмен қалпына келтіргенін де көріп жүрміз. Қазір Өзбекстанда барлық жүйе латын қарпімен жұмыс істеуде. Көшілес және бауырлас халықтардың осынау қателіктерін бой алдырмау мақсатында Қазақстан маңызды шараны тіл мамандарымен қоса қалың елдің талқылауына ұсынды. Бұған әрбір қазақ жұрты бейжай қарамай, өздерінің ой-пікірлерін қосқанын қалаймыз. Қазіргі өзекті мәселе – латын қарпінің моделін жасауда болып тұр. Дәл осы маңызды мәселеде ұтылып қалмауымыз керек. Біздіңше, ұтымды нұсқа – компьютер пернетақтасына енген қарпітер шеңберінде қазақ дыбыстарын келтіру. Латын қарпітерін қажеті жоқ дегендей. Қалай дегенмен де қазір латын қарпінің әліпбиі қандай болады, адамдардың оған бейімделіп, төселуі деген кезеңді жүзеге асыруымыз керек.

Латын қарпі – ағылшын тілі, ғылымның тілі. Дүниеде жаңалық шығып жатса, ол бізге ағылшын емес, орыс тілінде, яғни кириллица арқылы келіп жатыр. Мысалы, «полиция» сөзін неге «полис» деп айтпасқа? Ал осы сөзді кириллицамен көз алдымызға елестетсек, ол тіпті басқа мағынаға ие. Ал ағылшынша, нә оның полиция екенін біреу айтпаса да түсінеміз. Тағы бір жағынан, ол қазақ тілінің

үндестік заңдылығына да қайшы емес. Қазақтардың өзі кириллицаның шеңберінде қызыл кеңірдек болады. Мәселен, режим сөзін алалық. Қазақша да солай жазуға болады, бірақ оған қарсылар да көп. Яғни, латын қарпіне ауыссақ, осындай дауларға өздігінен нүкте қойылады. Қалай болғанда да бұл өркениетті таңдауымызға қажет. Қолданып жатқан заттардың құрамы туралы деректер немесе өмір сүру салтының өзі, мәселен, тез тамактану, киіну, тыңдайтын музыка, мәдениет – барлығы қай жақтан келіп жатқанын жақсы білеміз. Сондықтан бұлайша адамдардың осы мақсаттарына жақындағып, уақыттарын үнемдеуге көмектесуге болады. Ең бастысы, түркі әлемінің барлығына дерлік латын қарпіні қолданады. Қырғыздарды қоспағанда. Яғни, латынға көшеміз, біз соңғылардың бірі болып көшеміз. Сондықтан бұған дейінгі мемлекеттердің тәжірибесі бізге жақсы үлгі бола алады, олардың қателіктерін қайталамауға тырысуымыз керек.

Латын қарпіне көшуге қарсылар «Ол бюджетке ауыр салмақ түсіреді, одан да ол ақшаға жол жөндеп, мектеп пен балабақша салмаймыз ба?» дегендей сылтауларды алға тартады. Шынын айтқанда, бұл ойды басқа арнаға бұрып жіберіп, мәселенің мән-мағынасын жою. Әрине, ол дұрыс емес. Иә, бұл арада көп нәрсе ауысады. Типографиялық заттар түгелдей жаңарарды. Көшедегі жазулар мен белгілер ауысады. Көшенің атаулары мен құжаттар жаңарарды. Бірақ құжаттың мерзімі келгенде онсыз да ауыстырасыз. Бұл арада көштік екен деп бәрін жаппай ауыстыра бермейді ғой. Мәселен, құжаттарды мерзіміне қарай ауыстырады дегендей. Көше таңбалары ескірді ме, жоспарға сай ауыстыру мерзімі жетті ме, сол кезде латыншасы қойылады. Жаңа төлқұжатта онсыз да латынша жазу бар, қазір көше атаулары да латынша жазылып жүр, яғни бұл процесс ақырындап басталып кеткен. Ал бұл шараларға бюджет онсыз да есептеліп қойылған деп ойлаймыз. Ең бастысы, халықтың үйренуіне уақыт беру керек. Елбасы мақаласында кириллица мен латын қарпінің қолданысы қатар жүреді деп айтылды. 10-15 жыл жүрсін делік. Тарихи тұрғыдан қарағанда, 10-15 жыл қас-қағым сәт. Өтеді де кетеді. Мәселе, бірақ, меніңше, осылай шешіледі. Қазақ тілінде сөйлеп, қазақ тілін дамытып жүргендер үшін бұл – приоритет. Кесіп, қарсы болғандарға оны түсіндіру қиын. Бірақ алаңдайтын да жағдай бар. Мына біз төте жазуды пайдаланып, латын қарпіне көшкенде көптеген төте жазудағы еңбектер аударылып үлгермей қалды. Оның түсінікті себептері де

болды. Өйткені большевиктер идеологиясына керек емес дүниелер аударылмады. Ал қазіргі жағдай басқаша. Әрине, әдебиеттің барлығы 100 пайыз латын қарпіне ауыстырыла ма, ол да үлкен мәселе. Енді есе қайтаратын кез кеп тұрған секілді. Мүмкін кеңестік идеологияға құрылған соцреализмдегі әдебиеттің қажеті жоқ шығар бізге. Жалпы, латын қарпіне көшкенде әдебиетіміз, өркениетіміз қазақ мәдениетіне сай болуы керек. Бұл қатар жүретін процесс, меніңше. Жәй қаріп ешқандай рөл атқармайды. Қаріп тіл мен мәдениеттің бейнелейтін бір дүние. Олай болмаса, қаріп өзінің функциясын жойып алады. Яғни, латын қарпіне көшуді ұлттық мәдениет, ұлттық әдебиетті қалыптастыратын дүние ретінде қарастыру керек. Жоғарыдан осындай үндеу түсті. Оның жүзеге аспай қалуы да мүмкін. Оған талай көзіміз жетіп жатыр ғой. Бізде көп мәселе көтеріледі, жүзеге аспай қалғандары қаншама? Міне, бұл да сол күйді кешпес үшін азаматтық қоғам болып, бұл бастаманы сіз бен біз боп жұмыла көтере кетіп, аяғына дейін сүйреуіміз керек. Ол сізге керек болмаса, ол маған керек болмаса, онда билік қайтеді? Қолын бір сілтейді.

Міне, 2017 жылдың соңына дейін латын қарпінің әліпбиін түзу тапсырмасы нақтыланды. Осыны қадағалап, мамандардан сұрап, үнемі назарда ұстауымыз керек. Мүмкін белсенділер тобын құрып жіберу керек пе? Әйтпесе бір адамның үні ешкімге жетпейді. Жаяудың шаңы шықпас, жалғыздың үні шықпас демекші, ортақ мүдде болса да жеке-жеке әрекет қылған соң дауысымыз естілмей қалуы бек мүмкін. Қазақ тілін үйрету курсы ашқан мамандар қазіргі қазақ тілін көтеріп тұрған демография екенін баса айтады. Тауелсіздік алған 26 жыл ішінде қазақ тілі біз қалағандай тез дамыған жоқ. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтудің, негізгі екі факторы бар: біріншісі, таза демографиялық фактор, екіншісі, ол – саяси шешім. Қазіргі қазақ тілінің дамып жатқаны таза демографиялық фактор. Сондықтан да латын әліпбиіне көшу бұл – заман талабы, ұлттымыздың, ұрпағымыздың болашағы екенін естен шығармай, үн қосуда, пікір білдіруде аянып қалмайық, ағайын!

Газет оқырмандарынан мақалаға байланысты пікір білдіруін өтінеміз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

Разъясняет юрист

К ВОПРОСУ О “ЖИЛИЩНЫХ ОТНОШЕНИЯХ”, КСК И ТОО

Вопрос: Почему нашим домом управляет не КСК а ТОО, в чем отличие и можем ли мы, жильцы влиять на решения такого ТОО, кто при этом устанавливает тарифы?

Ответ: Согласно Закона РК «О жилищных отношениях» «кондоминиум - форма собственности на недвижимость, при которой помещения находятся в индивидуальной (раздельной) собственности граждан, юридических лиц, государства, а общее имущество принадлежит им на праве общей долевой собственности»; это значит, что Ваш дом, если в нем есть квартиры, принадлежат разным людям, является объектом кондоминиума. При этом, объект кондоминиума подлежит регистрации в органах юстиции, как и Ваша квартира при покупке. Как только регистрация объекта кондоминиума состоялась, Вы с жильцами являетесь собственниками общего имущества. Согласно ст.42 данного Закона «Собственники помещений (квартир) в месячный срок со дня образования кондоминиума должны на общем собрании решить вопрос о форме управления объектом кондоминиума... Формы управления могут быть: 1) непосредственное совместное управление всеми собственниками, если их количество не превышает двадцати; 2) кооператив собственников помещений (квартир); 3) управление объектом кондоминиума третьими (сторонними) лицами: выборными или наемными физическими лицами - управляющими жилищными домами (менеджерами) или юридическими лицами; 4) иные формы, не проти-

воречащие законодательству Республики Казахстан».

Исходя из указанной нормы закона, Ваше ТОО является как раз третьим лицом, которому доверено управлять Вашим домом. Но все жильцы дома должны понимать, что выбрать такое третье лицо (ТОО) можно только на общем собрании всех собственников квартир. Условия выбора такого ТОО это тоже волеизъявление всех жильцов путем голосования. При этом количество голосов каждого собственника квартиры определяется не наличием самой квартиры по принципу одна квартира один голос, а пропорционально площади квартиры. То есть, чем больше площадь квартиры, тем больше расходов несет собственник, соответственно тем больше у такого собственника права голоса. При голосовании все собственники на принципе свободы договора устанавливают тариф. При этом нужно понимать, что ТОО, в отличии от КСК является коммерческой организацией и должна получать доход, размер которого также является предметом договоренностей между ТОО и собственниками квартир. Это значит, что все тарифы устанавливаются только по договоренности сторон договора и не могут быть навязаны Вам со стороны ТОО.

Адвокатская контора «GESTOR SKT»,
г.Астана



Жоба

Проект

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ 2017-2018 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БІР ТӘРБИЕЛЕНУШІГЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУҒА МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫН, АТА-АНА ТӨЛЕМАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ЗАКАЗА НА ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ, РОДИТЕЛЬСКОЙ ПЛАТЫ В РАСЧЕТЕ НА ОДНОГО ВОСПИТАННИКА НА 2017-2018 ГОДЫ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

В соответствии со статьей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 8-1) пункта 4 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», акимат города Приозерск ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Осы қаулының қосымшаға сәйкес Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2017-2018 жылдарға арналған бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың төлемақысының мөлшері бекітілсін.

1. Утвердить государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2017-2018 годы в дошкольных организациях города Приозерск согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Приозерск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы №48/1 «Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2017 жылға арналған бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Признать утратившим силу постановления акимата города Приозерск от 15 декабря 2016 года №48/1 «Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2017 год в дошкольных организациях города Приозерск».

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Казиеву Б.А.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Приозерск қаласының әкімі

Қ. Камзин

Аким города Приозерск

К. Камзин

Приозерск қаласы әкімдігінің 2017 жылғы «...» №... «Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2017-2018 жылдарға арналған бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» қаулысына қосымша

Приложение к постановлению акимата города Приозерск «Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2017-2018 годы в дошкольных организациях города Приозерск» от «...» 2017 года №...

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ 2017-2018 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БІР ТӘРБИЕЛЕНУШІГЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУҒА МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫН, АТА-АНА ТӨЛЕМАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЗАКАЗ НА ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ, РОДИТЕЛЬСКОЙ ПЛАТЫ В РАСЧЕТЕ НА ОДНОГО ВОСПИТАННИКА НА 2017-2018 ГОДЫ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

Table with 5 columns: №, Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны, Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (тенге), Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (тенге) кем емес. Rows include 'Бөбекжай' and 'Мектепке дейінгі шағын орталық'.

Table with 5 columns: №, Вид дошкольной организации образования, Количество воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения, Размер родительской платы в дошкольных организациях образования в месяц (в тенге), Средняя стоимость расходов на одного воспитанника в месяц не менее (в тенге). Rows include 'Ясли-сад' and 'Дошкольный мини-центр'.

Кітаптар патшалығына саяхат

КІТАПХАНА – БІЛІМПАЗДАР МЕКЕНІ

Кітап- дүниедегі ең асыл қазына, бағалы сыйлық. Кітапты көп оқыған сайын ақыл-ойың толысып, жан-дүниенің тазара түседі. Білімді ұрпақ - ел болашағы екені даусыз. Кезекті жаңа оқу жылының бастау алғанына да 20 күннен асып барады. Оқушылар үшін күнделікті мектеп оқулықтарымен қатар сыныптан тыс уақытта көркем әдебиет құндылықтарымен қанығып, мүмкіндігінше заман ағымының көшіне ілесіп ақпараттық сауатты бола білу міндет. Осы орайда 19-21 қыркүйек аралығында қаламыздағы №2 жалпы орта білім беретін мектептің даярлық және бірінші сынып оқушылары жетекшілерімен бірге кітапханамызға келіп, кітаптар патшалығына саяхат жасап, рухани азықтанып қайтты. Қызықты ертегілер, жаңа кітаптар, Сарыарқа кітапханасы әлемдерімен танысып, «Дауысқа құлақ асайық» «Даналық әліппесі» атты инновациялық қалам топтамасы бойынша жарық көрген кітаптардан жануарлар, техника түрлері, аспаптармен жете танысып, олардың

үнін ажыратып, бесік жыры, қобыз үні, халық әндерімен сусындап, ұлттық нақышқа безендірілген «Атамұра» орталығы жайында біліп, естен кетпес әсерлі көңіл-күймен тарқасты. Кітапхананың мақсаты кітапханаға оқырман тарту, кітапты талғаммен оқуға, сауаттылыққа және мәдениеттілікке баулу, отансүйгіштік рухты қалыптастыру. Кітапханашылар өз кезегінде оқушыларды кітапхана жұмысы, міндеті және мақсаты жайлы да хабардар етті. «Терең білім – кітапта» - деп, ой қорытсақ, «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балалар кітапханасы өз оқырмандарын мәдени-рухани байлықтарымыздан, ата-бабаларымыздан жеткен нақыл сөздерден, тарихи деректерден мағлұмат алуға, ақын-жазушылардың әдеби-көркем туындыларын оқуға, тәрбиелік деңгейді нығайтуға, оқу-білімді, ой-сананы дамытуға, әдептілік пен әдемілікке бой үйретуге, сондай-ақ, балаларға арналған «Балдырған», «Айгөлек»,



«Керемет KIDS», «Дружные ребята» және «Алтын сақа» сынды баспасөз жаңалықтарындағы жаңашылдықтарға көз жүгіртіп, белсенді оқырман болуға шақырады.

Шарзат Жүнісова, балалар бөлімесінің кітапханашысы

БАЛАҢЫЗДЫҢ ЗЕРДЕСІН ДАМЫТУ АТА-АНА СІЗДІҢ ҚОЛЫҢЫЗДА...

«Ғасырлар мақсаты – қоғамның нарықтық қарым – қатынасына көшу кезінде саяси – экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген XXI ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан – жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев

Қазір білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жаса-лынып жатқан талпыныстар оқушылардың ойлау белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайына пайдалана білуге қажеттілігін туғызады. Соның бірі ментальды арифметиканың оқушыға қажеттігіне келсек. Бұл әдісті баланың ойын дамытатын тамаша құрал деп есептейді. Осы әдісті оқытушылардың сөзіне сенсек, бұл балалардың ойлау дағдысын, ақпаратты жылдам қабылдау мүмкіндігін артты-



рады дейді. Яғни, бала бір уақытта бірнеше істі (есту, көру, сөйлеу, қозғалыс, т.б.) қатар атқара береді. Бұл, әсіресе, оқушының назарын шоғырландыруға септігін тигізеді деп санайды.

Адамның қолымен, кейін ойша жүзеге асырылатын есептеу тәсілін балалар 4-14 жас аралығында жақсы қабылдайды екен. Балалар математикалық тапсырмаларды «абакус» деп аталатын арнайы құралда саусақ бұлшықеттерінің көмегімен орындайды. Кейін осы құралды көзге елестету арқылы ойша есептейді. Тұрақты машығы бар бала есепті жылдам шығарады.

Ментальды арифметика - баланы жанжақтылыққа, жылдам есеп шығарудан бөлек, жылдам ойлануға, қандай да бір әрекетті тез ойлау, шешім шығаруға бейімдейді. Ең бастысы, мидың дамуына, ойдың жаттығуына мүмкіндік береді. Бұл әлем елдеріне мойындалған жүйе. Қаламызда 2016 жылы 5 наурызда «DANA» деген атаумен ментальды ойша есептеу орталығы «Арай» сауда үйінің 2-кабатынан ашылды. Жалпы, ментальды арифметикамен 4-14 жас аралығындағы балалардың ақыл-ой қабілетін дамытуға арналған ойша есеп жүйесіне негізделген бірегей бағдарламаны қолға алдым. Себебі, бұл жастағылардың есте сақтау қабілеті



өте жоғары болады. Мақсатымыз - ментальды арифметика арқылы кішкентай бүлдіршіндерді білімге, ой ұшқырлығына баулу және де мектеп бағдарламасын қоса оқытып, менгерту. Бұл әдістеме балаға не береді?

- деген сұраққа жауап беретін болсам;
- нақтылық және жылдамдық,
- өз-өзіне сенімділік,
- шығарма-шылықпен ойлауға,
- есту және байқамаздық,
- қиял мен елес қабілетін дамыту,
- фотографиялық есте сақтау сынды қабілеттерді арттырады. Осының барлығын мектеп бағдарламасы аясында, сандардың құрамын толық меңгеріп, есепте жылдам және ұтқырлықпен пайдалану арқылы үйренеді.



Алғашқы жылы 8 (сегіз) бала қабылданып, жыл соңында 30 баланы құрады. 2017 оқу жылында осы көрсеткішпен бастадық, яғни қаламыздағы Ресей Федерациясының балабақшасынан 26%, Ресей Федерациясының №3 мектептің 36%, №1 жалпы білім беретін орта мектептен -23%, №2 жалпы білім беретін орта мектептен-13% көрсеткіш құрап отыр. Қазіргі таңда сұраныс беріп жатқан ата-аналар 50% пайызды құрайды. Біз балаларды күштеп әкеліп, сабақ беріп жатқанымыз жоқ, бәрі де ата-аналардың қалауымен болады. Қазіргі бағыттан қалдырмау үшін балаға инвестиция салу керек және қайтарымы болатындығын ата-аналар түсінеді. Қаламыздың балаларының қы-

зығушылығы жоғары. Олар әр сабақтан ерекше әсер алып қайтатындығын ата-аналар тарапынан жазылған орталықтағы «құсыныс-пікір» журналынан оқуға болады.

2017 жылы 14 мамырда ментальды арифметиканы оқып жатқан балалардың дайындығын және игерген білімдерін көрсету мақсатында қалалық олимпиада ұйымдастырылды. Айта кететін жағдай, осы ментальды арифметикадан қалалық олимпиаданы ұйымдастыру барысында қалалық білім бөлімі ұжымы, №1 орта мектеп пен Ресей Федерациясының №3 мектеп ұжымы басшылықтары аса қызығушылық танытып, ат саласты. Төрешілерге Шымкент қаласының интеллектуалды даму орталығының директоры, кандидат, ғалым Л.Ш.Атамбаева және қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі А.К.Чалгинбаева және №1 орта мектептің математика пән мұғалімі С.И.Танкибаев төрелік етті. Бақылаушы ретінде Ресей Федерациясының №3 мектеп директоры С.Ш.Жуманғалиева қатысты. Ашық олимпиада болғандықтан, барлық қатысушы балалардың ата-аналары ашық көріп отырды. Оларға әртүрлі арифметикалық қиын жаттығуларды ойша есептеп шығару тапсырылған. Ал көмекші құрал ретінде, жауап жазу үшін тек қарындаш пен бір парақ қағаз ғана берілді. Бұндағы балалар ең қиын деген жаттығуды оңай шешіп берді. Олимпиадаға қатысушы балалар есеп шығаруды өте жақсы көріп жатқандықтарын және қызықты екенін ортаға салды.

Қалалық олимпиаданың жүлдегерлері Республикалық олимпиадаға жолдама алды.

Республикалық олимпиада 2017 жылдың 3 маусымында Шымкент қаласында алты облыстан 24 ментальды арифметикалық орталықтың қатысуымен ұйымдастырылды. Бізде қаламыздан 14 бала өз ата-аналарымен бірге барып, өз мүмкіндіктерін ортаға салды. Айта кетерлігі ата-аналардың қолдауында болды, өз қалталарынан қаражат шығарып балаларымен бірге барып, барлық олимпиада барысын өз көздерімен көріп, қуанышпен оралды.

Оның ішінде 2 бала ашық олимпиадadan 3

көзқарасы мен пікірлері, өз заманындағы жастар мен оқушылардың кітап құмарлығы жайында баяндап берді. Ол кісі де оқушылардың берген сауалдарына тұшымды жауап беріп, өз шығармашылығынан бірнеше жүрекарды жырларын оқыды. Бір қуанарлық сүйінші хабар – Маржангүл ақынның тырнақалды жыр кітабының бастада жатқандығы, оның жуық арада шығатындығы және оқырмандарына жол тартандығы болды. Жас ақындар да қарап қалмай, өз кезегінде белгілі ақындардың өлеңдерін және өздері жазған жырларын оқып берді.

Қызықты кездесу соңында ұйымдастырушы Майра Сайлаубекқызы кездесуге келген ақындарға алғысын айтып, кітапхана ұжымының атынан естелік сыйлық табыс етті және жас ақындармен бірге естелік суретке түсті. Кездесу барысында жас ұрпаққа әдебиет пен



мәдениетті насихаттау, оларды кітап оқуға тарту үшін осындай маңызды шараларды қала көлемінде ұйымдастырып, оған қаланың құзырлы орындары, жастар мекемесі назар аударуы және мұрындық болуы тиіс деген пікірлер айтылды.

Н.ӨТЕП,

Суретте: кездесуден көрініс

Бала тәрбиесі-баршаға ортақ

орынды ақтық сайыста жеңіп алды. Олар №3 мектептің оқушысы Владимир Бурцев - Junior кате-



гориясында 3-орынды, №1 орта мектеп оқушысы Қыдырбай Мансұр - Kids категориясында иеленсе 3-орынды иеленсе, қалған 12 бала жабық олимпиадadan барлығы жүлделі орындарға ие болды. Республикалық олимпиададағы 3 гран-придің бірін №2 мектеп оқушысы Қуаныш Ислам жеңіп алды.



Мектеп бағдарламасындағы негізі математика пәні баланы жинақылыққа үйретеді. Математикада бір үтір қалып кетсе, алға жылжу қиын. Сол себептен де, ментальды арифметиканы қосымша білім беру бойынша қарайтындықтан, таңдауды ата-ана өзі шешеді. Ал, бүгінгі білім беру бағдарламасындағы функционалдық сауаттылық өлшемімен қара-сақ, ойланатын тұсы көп шығар деп ойлаймын.

Ойлану, ой қорыту өз еншіңізде ата-ана!

Ш.Ж.Жүсіпова,

«DANA» ментальды ойша есептеу орталығының жетекшісі/

Суретте: Қалалық олимпиадadan көрініс (сур.№1; сур.№2); Республикалық олимпиадadan көрініс (сур.№3; №4; сур.№5)

Үлкенге ұлағат

АҚЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ

Бейсенбі күні Приозерск қалалық кітапханасының оқу залында кітапханашы Майра Сайлаубекқызы Айтжанованың ұйымдастыруымен №1 қазақ орта мектебінде осыдан бұрынғы жылдары құрылған жас ақындар мектебінің шәкірттерімен «Жыр – менің жалғыз тарланым, жанымды жырмен жалғадым!» атты қаладағы өлең өлкесінде жүрген ақындармен кездесу кеші болып өтті. Кездесуге журналистік мамандық пен ақындық өнерді қатар алып жүргеніне 35 жылдан асқан, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі, «Туған жерім, тұғырым!» және «Көңіл күнделігі» атты жыр жинақтарын шығарған, Қарағанды облысы әкімінің өткен жылғы «Тіл жанашыры» сыйлығының «Тіл жаршысы» аталымы бойынша иегері Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі, ұстаз-ақын Маржангүл Хожабекқызы Хизирова және жуықта жыр жинағы шыққан Бакберген Ақылбекұлы Арысланбаев шақырылған болатын. Бакбергеннің қалада болмауына байланысты екі ақынмен кездесу

жалғасын тапты.

Кездесуді жүргізген Майра Сайлаубекқызы әуелі ақындардың қысқаша өмірбаянымен таныстырып, алғашқы сөзді Нұрғали Қыдырмұратұлына берді. Ол кісі өзінің ақындық жолға қалай түсуі, оның қызығы мен қиындығы, адамның өмірге ақын болып туатындығы, ақындарды оқытып шығатын оқу орындарының жоқ екендігі, ақындықтың Алладан берілетін қасиеті, киелі өнер екендігі, жалпы сөз өнеріне келу, оны ұстану үшін кітапты көп оқу керектігі т.б. ақындық жолдағы кездесетін түрлі жағдайлар туралы әңгімеледі. Ақынға жас ақындар тарапынан арқылы сауалдар берілді және оған Нұрғали Қыдырмұратұлы мейлінше қарапайым тілмен, қызықты мысалдармен, өзінің бастан кешкен оқиғаларын мысалға келтіре отырып жауап берді.

Ұстаз-ақын Маржангүл Хожабекқызы өзінің ұстаздық мамандыққа келуі, ақындық жолға қай уақыттан бастап түскендігі, айналадағы жұрттың өзінің өлеңдеріне деген

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 39/527. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: **+7-705-466-60-63**
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.